

**2017 жылғы Универсиада объектілеріне коммуналдық және инженерлік желілерді тарту және пайдалану үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы**

Алматы қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 17 қыркүйектегі № 3/557 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2015 жылғы 02 қазанда № 1205 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69 баптарына және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27 бабына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. 2017 жылғы Универсиада объектілеріне коммуналдық және инженерлік желілерді тарту және пайдалану үшін Медеу ауданындағы Құлжа тас жолы бойында орналасқан жер учаскелеріне осы қаулының қосымшасына сәйкес қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Алматы қаласы энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы заңмен б е л г і л е н г е н т ә р т і п т е :

1) жер учаскелерінің меншік иелеріне және жер пайдаланушыларына қабылданған қ а у л ы т у р а л ы х а б а р л а с ы н .

2) осы қаулыны интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Б. С а у р а н б а е в қ а ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласының әкімі*

*Б. Байбек*

А л м а т ы

қ а л а с ы

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

1 7

қ ы р к ү й е к т е г і

№ 3/557 қаулысына қосымша

Р/с №	Жер учаскесінің орналасқан жері	Қауымдық сервитут белгілеу көлемі, гектар
1	2	3
1	Құлжа тас жолының шығысы, Талғар тас жолының солтүстігі	18,0131
3	Құлжа тас жолының шығысы, Халиуллин көшесінің солтүстігі	154,75

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК